

"Лисаков химия талшығы зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және билік ету құқығын Лисаков арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 364

"Лисаков химия талшығы зауыты" акционерлік қоғамының өндірістік базасын мейлінше тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңда белгіленген тәртіппен "Лисаков химия талшығы зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және билік ету құқығын Лисаков арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесіне б е р с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі